

Ақтанның тағы бір ерлік жасайтын жері Кенесарының арқадан қоныс аударып, Сыр бойына келуімен байланысты. Жанқожа батыр Кенесарыға ағасы Ақмырзаның қызы Батпа сұлуды әйелдікке береді. Онымен тұрмай Кенесары: „Ортаға ант бересің” дейді.

Халық бұған да көнеді. Кенесарының інісі Наурызбай Мақпал көлін жайлайды. „Ендігі жерде қызақтар Қарақұмға көшсін” деп, Ақиректі қоныстанған Ақтанға Аян деген төрені жібереді.

Ақтан оған көнбей, қарсылық көрсетеді. Мұны естіген хан Жанқожа мен Ақтанға, тағы басқа батырларға қастандық жасауды ұйғарады. Оған жоспар құрады. Белгілі бір күні әр батырды аулында қамсыз отырғанда өлтірмекші болады. Бірақ бұл хабарды Батпа астыртын Жанқожа мен Ақтанға жеткізеді. Бұлар сол күнге сақадай сай тұрады.

Екі жақтың әскерлері Ақиректе кездеседі. Наурызбай жалпы ұрыстан шошып, жекпе-жекке батыр шақырады. Оған қарсы Ақтан батыр шығады. Шайқаста өмірі жеңіліп көрмеген Наурызбай жығылып басы атының қолтығына тіреледі. Осы кезде Ақтаннан „жан сауға” сұрайды. Сол кезде Ақтан: „Әй, төреліңді сыйладым” деп өкпеге тіреліп тұрған найзасын әрі сұқпай, жерге сылқ еткізіп тастап жібереді. Ханның әскері ұрысқа бата алмай кейі қайтады.

Көне бұл күлпия сырды жалшы бала арқылы Ақтан мен Жанқожаға Батпа сұлудың жеткізгенін біліп, Батпаның таңауын тіліп, бұрынғы кесіп, асау түнеге жайды. Мінгізіп, Жанқожаның аулына бос аидатып, жібереді. Жалшы баланы өте қақтал өлтіреді.

Жанқожа батыр бұл қорлыққа шыдай алмай, үзектілес достарына хабар беріп, жолға шығады. Қасақтарымен Сырдан шыққаннан кейін Мұғалжар тауының бөктерінде отырған Ақтан батырға барады. Жанқожа Ақтанға: „Біз жауға бара жатырмыз. Дәудің арты-жау, жауласқан адамдар бірін бірі аямайды. Келісе алмасақ, ең алдымен білек сыбанып Наурызбай шығады. Оған қарсы сен шығасын, „ерекше бұлтың” бар ғой, ол сені әркез қорғайды” дейді. Жанқожаның жанына еріккендер ылғи сен тұр, мен атаның деген батырлар еді. Қарасақал Дабыл, Жақайым Толыбай, Шөмекей Байқадам, Тілеу-Қабақтан Есет, Өзбеген Қарағұл, Ерназар Бекет тағы басқа да ығай мен сығай еді.

Бұл жасақтың ел алдындағы беделімен және айбарынан Кенесары жтсқана бастайды. Жанқожаның ашуын тарату үшін Бопай деген жерде Ордаға шейін кілем жайып, Кененің өз тікесінен тыс

тұрып қарсы алады дегу ұсынады. Мұндай көшемет батырлардың ашуын сенілітіп дау бітімгершілікпен аяқталады.

Бұрынғы Қарабұтақ өміріндегі „Бопай”, „Кілем жайған” деген жерлердің атауы осыдан шыққан екен.

Ақтан батырдың ел үшін жасаған ерлік істері көп болған. Соның бірі төртқара Байқазақ батырды абақтыдан құтқаруы. Байқазақ Жанқожаны өлтірушілерден көк алған. Осынысы үшін орыс әкімдері құдмалас түрмеге қамыйды. Мұны естіген Ақтан батыр түрме жасақшыларына тұтқиылдан шабуыл жасап, Байқазақты құтқарып алады.

Ақтан батырдың бұл ерлігін ақын былай деп жырлайды:

Төртқара Байқазақтың

мақпалдай-ақ,

Мен жүрмін алты Әлімге

мақпалдай-ақ,

Жанымды Жанқожа үшін қиып

едім.

Бұл күнде түсіп тұр қол

қиялаңға аяқ,

Би-болыс Байарыстан ұстап

берді.

Жанынан жауын іздіп

тапқандай-ақ,

Аузынан арыстанның алып

шықты.

Үл тапса қатын тапсын.

Ақтандай-ақ,

Ақтан батыр алты аталы Әлімнің бір тармағы Қарақоңықтың (Ұлазақ) Жақау аталығынан Жақаудан Тінбек едің Тілес, Тілестен Ақай Қабақ, Ашлай атты үш бала туады. Ақайдан Ақтан батыр дүниеге келеді.

Ақтан батыр Сыр бойында туып өскенмен жергілікті әкімдердің қысымымен қырға қоныс аударады. Үлгі Шалқар өңірінде өмірлік қолы кезеңі өткізеді. Сонында Мұғалжар тауының сілеміндегі Таһынтай бойындағы „Ақтан Сады” деген жерге тұрақтап, осы жерде дүниеден өтеді. Бұл жер Шалқар ауданына қарасты бұрынғы Бершүгір кеңшарының жері. Сады Ақтан батырдың қиулау досы, үзектілес жолдасы екен. Осыдан 5-6 жыл бұрын „Ақ аулие” атанған Серік Жұмахметов халықты жинап, басына күмбездеп өскерткіш үй тұрғызып, ас берді. Шалқар қаласынан батыр аулиенің атына көше беріліп, ас берілді.

Әрі батыр әрі әулие Ақтан бабаның ерлік істерін жас ұрпаққа үлгі болсын деген ниетпен осы мақаланы ұсынып отырмыз.

М. ОРАЛБАЕВ.

Шалқар қаласы.

Рұм қаракесек Ақпан деген кісі әрі батыр, әрі әулие, би адам екен. Ол үлкейіп шау тартқан кезінде „мен өлсем, орнымды басып, қол бастап, жаудың бетін қайтаратын батыр табылар ма екен?“ деп, өзінің елін аралап жүреді. Өзі қатарлы үлкендермен ақылдасып, дәмелі деген жігіттерді сынап көреді. Бәріне көңілі толмай келе жатады. Оқшау пырқан бір ауылға кезіледі. Өлгі ауылға келсе, шаруасымен жүрген бір келіншектің үстінен шырақ жаңып жүргенін көреді. Батыр әулие келген соң ауыл адамдары жиналып қалады. Сол араға келіншекті алдырып, Ақпан батыр былай дейді. – Мына

*Ташман **

Ақпан батыр

келіннің ішіндегі бала тегін бала емес. Киелі бала екен. Әрі әулие, әрі батыр болады екен. Әруақ қолдасып, менің жолымды берсін деп батасын береді. – Бірақ мен бұл баланы көре алмаспын, мына кіншайымды табыс етесіңдер деп, ерден боз көпшігін шешіп береді.

Айтқандай Ақпан батыр бала дүниеге келмей тұрып дүниеден өтеді. Ақпан батасын беріп кеткен нәрестеге Ақпандай болар ма екен деп ырымдап Ақпан деп ат қояды. Өсе келе Ақпан да Ақпан атасындай батыр атанып, аты аңызға айналады.

Бізге жеткен деректерге қарағанда, Ақпан Ақанұлы 1770 жылы (кейбір деректер бойынша 1785 жылы) Қазалы ауылындағы қазіргі Жанқожа батыр аулына қарасты „Тілес“ арығы бойындағы „Түлкі қашқан“ деген жерде туған.

Ақпан батыр бала кезінде үй шаруасына икемсіздеу болса керек. Өкесі „өз күңді өзін көр“ деп, астына бір ат беріп үйден қуып жіберіпті. Содан атына мініп алып ел аздақтап жүзе беріпті. Бір күні өлсіз құла түзде тұрған жалғыз үйге кезігеді. Үйге кіріп келсе, бір адам көрегіге керулі тұрады. Оның есі ауысқан екен. Ақпан келгеннен бастап алғі адамның есі кіре бастайды. Мұны көрген

әруудың күтуші жақындары Ақпанды жібермейді. Көп ұзамай алғі адам құлан таза анығып кетеді. Осыдан кейін халық оны қадір тұтып қастерлейді. Өкесі шақырып алып, халықты жиып, батасын алып береді. Көпшілік алдында Ақпан атасының баяғы көпшігі табыс өтіледі. Сонымен есімі бүкіл қаракесекке ұран болған әулие Ақпан батырдың киесі Ақпанға дарып қысылғанда оймақшып шыға келетін қазандай киелі бұлт осы атасынан қоныпты.

Ақпан батыр Қоқан, Хиуа хандарының қазаққа жасаған озбырлығына, зорлық зомбылығына қарсы күрескен. Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы

күрестің басшысы болған. әділеттің ақ жолын мұрат тұтқан әруақты әулие, батыр Жанқожа Нұрмұкам метулының жан досы, үзегілес жолдасы, қарулас серігі, бас батыры болған.

Жанқожа батыр жорыққа аттанарда алдымен Ақпан батырға хабар беріп, шақыртып алады екен. Ол келісімен Жанқожа.

Ақпан келді қасыма.

Ақ күн туды басыма-дейді екен. Соитіп жауына уайымсыз аттана беретін болған.

Ақпан батыр Жанқожамен жұп жазбай Созақ қамалын, Қожанияз бекінісін аларда. Ақсуат шайқасында ерекше ерлігімен көзге түседі. Ол жаумен шайқасқанда төбесіне бұлт ойнап шыға келетін болған. Өлгі бұлт нәсер жаңбыр немесе сұралып дауыл болып, жаудың қазіне еш нәрсені көрсетпей, қазақ әскерінің еркін қимылдауына жол ашқан. „Ақпанның бұлты“ ел аузында бүгінгі күнге дейін аңыз болып сақталған.

Халқымызға Хиуа хандығы тарапынан көп озбырлық жасалғаны мәлім. Қазалы ауданының жерінде Жалқоит деген өскі қланың орны бар, оның батысынан Хиуа ханы бекініс салдырып, Бабажан деген өзбекті басшылыққа отырғызды.

Бабажан қазақтарға қатты қысым жасап, зорлық, зомбылық көрсетеді. Жанқожа батырдың туған ағасы Ақмирзаны қарсылық көрсетті деп мойнына тас байлап, суға батырып өлтіреді.

Осы оқиғаны естіген Жанқожа жағдайды білмек болып қырдан сырға келді. Ата қонысы Ақирекке жақындап, Қарауыл төбеге шыға келгенде ойдағы қаптаған шатырды көреді. Шатырлардан бір атты адам бұған қарсы құйғытып шауып шыға келеді. Бұл адам Хиуа ханының Жанқожаны қапыда өлтіруге шығарып қойған қанның бас батыры Аман деген еді. Ол ханның тәртіпсізін Жанқожаның жолын жетпіс жігітпен тосып жатқанды. Осы жекпе-жекте Жанқожа Аманды найзаға түкіріп өлтіреді. Қалған жетпісі Жанқожадан қорқып ғырықайлап қашып кетеді.

Осы сапарында Жанқожа батыр Ақпан батырмен кеңесіп Бабажан сарттың қамалына күзде шабуыл жасауды ұйғарады. Ақпан Сыр бойынан мың жарым жасақ жинап, дайын опылатын болады.

Үделі уақытта Ақпан екі мың жасақ ұйымдастырып, бәрін қаруландырып қояды. Үделескен уақыттан бір күн жаңылысып, Ақпан белгіленген жерге бір күн бұрын келеді. Жау біліп қалар деп шабуылды бірден бастап кетеді. Бабажан да Хиуа ханынан көмекке алған бітелі мылтықпен қаруланды 200 сарбазбен қарсы тұрады. Басқа әскерін қорғанысқа қояды. Ұрыс басталып кетеді. Осы кезде шайдай ашық күнді Ақпанның қара бұлты аспанға ойнап шыға келеді. Қатты дауыл тұрып, шаңытып біреуді-біреу көрмейтіндей болады да, артынша нәсер жаңбыр құяды. Жауы суға сілейіп, бітелі мылтықтарының шашымы ыт алмай ағылмай қалады. Осы кезде Жанқожаның жасағы да келіп, ұрысқа кірісіп кетеді. Қазақ жауынгерлері аттарын ордан қарғытып, қамалды бұзады. Мылтыққа сенген жаулар, ызалы атты жауынгерлерге қатты қарсылық көрсете алмай, күйрей жөңіледі. Бабажан сарт баласын алып қашып, орға жиғылған жерінен ұсталады. Сартты қазақтар азаптап өлтіріп, қалықтың егін алады. Осы оқиғадан кейін Хиуа ханы Сыр бойы қазақтарына қайта келмейді.

